

ӘОЖ 373(091)

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНАН КЕЙІНГІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫ

Тұрсынбаев О.Г.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының
2-курс докторанты
E-mail: Tursynbayev1989@mail.ru

Бұл мақалада XX ғасырдың 50 жылдарында Талдықорған қаласы мектептеріндегі бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие ісі мәселелері мен білім беру жағдайы қарастырылған.

Тірек сөздер: *бастауыш сынып, педагогика, тарих, тәрбие, білім, мұғалім, оқушы, әдістеме, оқу құралы, пионер.*

В данной статье рассмотрены вопросы учебно-воспитательной работы и состояние образования начальных классов школ города Талдыкорган в 50-е годы XX века.

Ключевые слова: *начальные классы, педагогика, история, образование, учитель, ученик, методика, учебное пособие, пионер.*

In this article discusses the problems of educational work and the state of education of the beginning classes of Taldykorgan schools in the 50th century.

Key words: *primary school, pedagogy, history, education, teacher, student, methodology, training manual, pioneer.*

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Халқымыз әрқашан да ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған.

XIX ғасырда қазақ халық ағартушылары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов оқушы тұлғасын дамыту мәселелерін көтерсе, XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуына атсалысқан көрнекті қайраткерлер Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық мұраларында білім беру үрдісінде балалардың жеке тұлғасын дамыту мәселесімен айналысты. Білім беру мазмұнын құру мәселесі әлемдік педагогика классиктері Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, И.Герbart, К.Д.Ушинский, т.б. ұлы педагогтардың есімдерімен тығыз байланысты және олардың еңбектерінде терең қарастырылған.

Бастауыш білім беру мазмұны мәселелерімен И.П.Подласый, оқу мазмұнын құру мәселесімен Ю.К.Бабанский, Т.А.Ильина, И.О.Харламов, Н.А.Сорокин, В.В.Краевский, М.Н.Скаткин, Д.Д.Зуев, И.Я.Лернер, В.П.Беспалько айналысты.

Қазақстанда педагогика ғылымы саласында осы мәселеге қатысты келесі ғалымдардың еңбектері бар: XIX ғасырдың екінші жартысында халық ағарту ісі мен мектеп тарихын Т.Тәжібаев, А.І.Сембаев, бастауыш мектептегі білім беру мазмұнының дамуын А.Н. Ильясова, бастауыш мектептегі білім беру мазмұны мәселелерін Т.С.Сабыров, Р.М.Қоянбаев зерттеді. Оның ішінде оқыту мазмұнын құру мәселесімен Қ.А.Аймағамбетова, Г.А.Бадамбаева, А.Е.Әбілқасымова, Ә.Әмірова, Т.Жексенбай, Т.Қ.Оспанов, Н.П.Павленко, С.Р.Рахметова, Б.М.Қосанов, Ж.Т.Қайыңбаев т.б. айналысты [1, 4].

Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткеннен кейін кеңес халқы соғыстың халық шаруашылығына, білім саласына келтірген зиянынның орнын толтыруға ерекше жігерлене кірісті. Соғыс жылдарында қиратылған мектептерді қалпына келтіру және жаңа мектеп үйлерін салуда, олар үшін оқу-шығармашылық жабдықтарын даярлауда мектептерді қамқорлыққа алған өндірістік мекемелер белсене қатысты.

50-жылдардың бас кезінде педагогика ғылымы мектептің оқу-тәрбие жұмысының идеялық-саяси деңгейін арттыру мәселелерін зерттеуге және практикалық іс-әрекетке оқушыларды даярлауға ерекше мән берді.

Оқу бағдарламаларының мазмұнындағы оқу материалдар мен оқулықтағы берілген тақырыпты оқыта отырып, білім мен тәрбие беруді ұштастыру, сабақтастыру, жүйелілік тұрғыда ұйымдастырып дамытудағы педагогикалық әрекеттегі үдерістер дидактикалық талаптар деңгейінен шыға алмады.

Мәселен, Талдықорған қаласының бастауыш мектептерінде тексеріс барысында тарих пәнінен сабақ өткізуде біраз кемшіліктер байқалған. 4 сынып оқушыларына тақырыпты мұғалім тек оқулықтағы мәліметтерді мазмұндап, ешбір көрнекі құралдарды пайдаланбай, шартты түрде ғана өткізген. Сондай-ақ, №3 бастауыш мектебінде мұғалім жолдас Светличная «XII ғасырда көтеріліске шыққан шаруалар зауыт пен фабрикаларды өртеп, тас-талқанын шығарды», деген оқушының жауабын түзетпеген. Ол заманда зауыт пен фабрикалар қайдан болсын? Дәл сол сабақта мұғалім Мұз шайқасы туралы схемалық түрде өте қысқа әңгіме қозғап, оның негізінде ешқандай тәрбие жұмысын жүргізбеді. Яғни, бұл жағдайдан мұғалімнің кәсіби шеберлігіне күмән келтіруге толықтай негіз бар деген сөз.

№4 бастауыш мектепте мұғалім жолдас Новикова «Куликов шайқасы» тақырыбында сабақ өткізе отырып, сыныпта бұл шайқасты бейнелейтін тиісті суретті ілмеген. Ол суретті К.Д. Ушинский атындағы мектептен алуға болатын еді. Куликов шайқасы мен Дмитрий Донской жайлы мұғалім оқулықтағыдан аз әңгімелеп берді. Тақырыптың көптеген тұстары ашылмады. Бұл ауқымды тақырып аясында мұғалім тарапынан ешқандай тәрбиелік жұмыс та жүргізілмеген. Соның салдарынан, бұл тақырып білімгерлер санасында үлкен тарихи оқиға емес, тек кішігірім эпизод ретінде ғана қалды.

Тарих сабағында көрнекі құралдарды қолдану өте төмен деңгейде. Мектептер, әсіресе бастауыш мектептерде тарихи карталар жоқ. Тарихи суреттер өте аз, ал № 4 және 5 бастауыш мектептерде және жетіжылдық №1 мектепте олар мүлдем жоқ.

Жаратылыстануды оқытудың басты кемшілігі – көрнекіліктің болмауы. 1952 жылдың көктемінде Талдықорған қаласының №5 бастауыш және қазақ мектебінен басқа барлық мектептерінде мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелер ұйымдастырылды.

Бастауыш мектептерді айтпағанда, №3 жетіжылдық мектепте және Абай атындағы мектепте күзге дейін учаскелерден ештеңе қалмады және егін жинау аяқталмады деуге болады. №2 жетіжылдық мектепте және К.Д. Ушинский мектебінде жағдай жақсырақ еді, онда егін жиналып, экспонаттардың бір бөлігі осы мектептердің биологиялық бөлмелеріне түсті. Бұл экспонаттар жаратылыстану сабақтарында оқу құралы және үлестірме материалдар ретінде пайдаланылды.

Сонымен қатар, мектеп аймағында жинақталған тәжірибенің ғылыми сипаттамасы өз алдына құнды оқу құралы болып табылады. Биологиялық кабинеттер барлық мектептерде болған жоқ. Ең жақсы биологиялық зерттеу кабинеті К.Д. Ушинский мектебінде еді.

Жоғарыда аталған К.Д. Ушинский мектебінде төртінші сыныптағы жаратылыстану сабағы нашар өткізілген. Төртінші сынып мұғалімдері кейде бұл пәннің маңыздылығына аса назар аудармай, оған жанама қарап, нашар дайындалған, оқулықты тек әңгімелеу арқылы жаңа материалды схемалық түрде ғана ұсынған. Оқулықта көрсетілген тәжірибелер әрдайым сыныптарда жүргізіле бермеді. Көбінесе балаларға оларды үйде өз бетімен жасауға кеңес берілді. №3 бастауыш мектебінің мұғалімі Кремень 4-сыныпта

«Ауа қозғалысы» тақырыбында сабақ өткізіп, балаларға стратосфералық шарлар жылы ауамен толтырылатынын айтты. Оқушылардың бірі олардың сутегімен толтырылатынын байқап, мұғалімді түзетуге тырысқанда, ол таңданып: «Сен не айтып тұрсың? Отыр!», - деді. Жаңа материал өте қысқа түсіндірілді. Мұғалім қосымша әдебиеттерді қолданбады.

Абай атындағы мектептің мұғалімі азаматша Гетман, 4-ші сыныпта осы тақырып бойынша сабақ өткізу барысында өз тәжірибесін көрсете алмады. Мәселен, дауылдар туралы айта отырып, мұғалім суреттерді қолданбай, балаларға тропикалық және субтропикалық елдердегі дауыл туралы қандай да бір сипаттама келтірместен, тек оқулықты қысқаша әңгімелеп берді.

Тәрбиелік және ғылыми маңызы зор фенологиялық бақылауларды жаратылыстану пәні мұғалімдері мүлдем жүргізбеді. Бұл бақылауларды ұйымдастырудың жоқтығы география мұғалімдерінен де байқалған.

Қала мектептерінде географияны оқыту мәселесіне тоқталсақ, мектептерде географиялық аудандардың жоқтығын, сонымен қатар, географиялық және өлкетану экскурсиялары мөлшерінің өте аз екенін атап өткен жөн [2, 21-24].

Орыс тілі сабақтарында білімгерлердің сөздік қоры өте нашар. Олар алған білімдерін іс-тәжірибеде пайдалана алмады, сол себепті жазбаша жұмыстарда пунктуациялық, стилистикалық және орфографиялық қателерді өте көп жасаған.

Көптеген мектеп директорлары орыс тілін оқытуға тиісті мән бермеді, бақылау жасамады және жас мұғалімдерге олардың орыс тілінде сабақ үлгерімін жақсартуда практикалық көмек көрсетпеген. Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз ету тек орыс тілі мұғалімдерінің ғана емес, мектептің бүкіл педагогикалық ұжымының міндеті. Сондықтанда, байыпты қорытынды жасап, оқытуды түбегейлі жетілдіріп, қазақ мектептерінде орыс тіліндегі оқу үлгерімін тиісті деңгейге көтеру қажет болды [3, 6-7].

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты біраз міндеттер алға қойылды. Солардың ішінде, мектептердің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың сауаттылығын арттыру үшін бар білімін, күш-жігерін салу. Оқыту оқушылардың негізгі грамматикалық анықтамалар мен ережелерді саналы түрде игеріп, берік білуі, оларды ауызша және жазбаша сөйлеуде практикалық қолдана алатындай етіп құрылымдалуы керек. Ол үшін грамматикаға жауап беру кезінде студенттер оқулықтан мысалдар келтіріп қана қоймай, өздігінен ойлап таба білуі маңызды. Көбірек практикалық жұмыстар мен жаттығулар жүргізу керек. Тіл сабағында және әсіресе әдеби оқуда оқушылардың сөздік қорын байыту, мұғалімдерге түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерін түсіндіру, орфографиясы қиын сөздердің сөздіктерін құрастырудан тұратын сөздік жұмысы жүйелі түрде жүргізілуі қажет. Оқушыларды мазмұндама мен шығарма жазуға үйретуге ерекше назар аудару керек. Мұғалімдерден сыныптағы және үйдегі барлық жазбаша жұмыстарды уақытылы және мұқият тексеріп, жіберілген қателер бойынша жүйелі жұмыс жасауды талап ету қажет. Оқушылардың жоғары сауаттылығын ойдағыдай жүзеге асырудың басты шарты болып табылатын орфографиялық, пунктуациялық және сөздік жүйесін барлық мұғалімдерден орындауды талап ету маңызды. Осы шарттардың орындалмауы аудандағы мектептердің төмен көрсеткіштерінің басты себебі болып табылады.

Алайда, ауданның барлық мұғалімдері бұл күрделі де жауапты міндеттерді түсіне қойған жоқ. №3 бөлімше орта мектебінің мұғалімі өзі орыс тілін жетік білмеген. Секциялық отырыста ол жиналыс хатшысы болып сайланды және хаттама жасағанда, орфографиялық жағын айтпағанда, бірінші парақтағы 48 сөзден 8 қате жіберген. Ол төртінші сыныпта орыс тілін қалай оқытып жүр? – деген сұрақ туындайды. Сабақ берген мұғалімнің сауатсыздығынан көптеген оқушылар бірнеше жыл бір сыныпта қала берген.

Көксу кенішіндегі орта мектеп мұғалімі жолдас Сечкареваның орыс тілі сабағындағы сөздік қор жұмысын қамтуы өте төмен деңгейде. Ол өзіне көп сұрақтар қою әдісін таңдап, жаңа материалды түсіндіруді қысқартып, тек оқулықтағы материалды

жеңілдетілген қайта баяндаумен шектелді, жазбаша жаттығу және бақылау жұмысы жеткіліксіз [3, 10-11].

Аталған мәліметтерден қазақ мектептерінің өте аз, оған қоса көп болса жетіжылдық мектептер болғанын байқаймыз. Барлық мектептер үнемі тексерістен өтіп, ондағы кемшіліктер ашық түрде жазылған, кейінірек оларды түзету үшін түрлі шаралар қолданылып, шешімдері қарастырылған.

Сонымен қатар, Кеңес өкіметінің орыстандыру саясатының айқын көріністері де көзден таса қалмайды. Орыс тілін, идеологиясын толыққанды енгізуге тырысып бағып, тіпті тарихты бұрмалап, оқу бағдарламасына қазақ халқы үшін маңызы жоқ оқиғаларды жоғары қойып, өз ата-тарихымызды білуге мүмкіндік берілмеген. Сол арқылы Кеңес билігі жас ұрпақты өзіне шынайы қызмет етуге тартқан. Қазақ сыныптары да, мұғалімдері де байқап отырғандарыңыздай жоқтың қасы.

Келесі кезекте, 1956-57 жылдары Талдықорған қаласының Абай атындағы мектебіндегі жағдайға назар аударсақ. Бұл мектепте балалар 3 ауысымда білім алған, 9 бастауыш сынып болған. Бастауыш сынып оқушыларының үлгеріміне тоқталатын болсақ, бұл жылдары олар келесідей:

	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	Жыл бойы
Оқушылардың жалпы саны	319	317	320	321	321
Үздіктер саны	16	21	23	24	23
4 пен 5-ке оқитындар саны	69	91	89	99	95
Үлгерімі нашарлар саны	38	26	29	33	25
2-ші жылға қалғандар саны					22
Жазға тапсырма алғандар саны					12

Кестедегі көрсеткіштерден көріп отырғанымыздай, 30 пайыздан астам білімгерлер 4 пен 5 деген бағаға оқып, ал 10 пайыздан астамының үлгерімі нашар болған. Бұл көрсеткіштер бастауыш сыныптар үшін қанағаттанарлықсыз. Сондықтан, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің кемшілігі айқын көрініс тапқан. Балалардың 3 ауысымда оқуы сол кезеңдегі мектеп ғимараттарының әлі де өте аз екендігін байқатады.

Сыныптардың орташа сыйымдылығы – 35 оқушы.

1 «А» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім Р.Е. Латкова, 38 білімгердің 2-і екінші жылға қалды.

1 «Б» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім Л.М. Леденева, 41 білімгердің 3-і екінші жылға қалды.

2 «А» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім Л.С. Бондаренко, 38 білімгердің 4-і екінші жылға қалды.

2 «Б» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім А.И. Марченко, 38 білімгердің 1-і екінші жылға қалды және жазға тапсырма алған оқушылар – 3.

2 «В» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім Т.С. Тен, 37 білімгердің 5-і екінші жылға қалды және жазға тапсырма алған оқушылар – 2.

3 «А» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім А.Г. Ерыгина, 34 білімгердің 1-і екінші жылға қалды және жазға тапсырма алған оқушылар – 2.

3 «Б» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім А.И. Гузеева, 32 білімгердің 3-і екінші жылға қалды және жазға тапсырма алған оқушылар – 2.

3 «В» сыныбына жетекшілік еткен мұғалім М.С. Еременко, 31 білімгердің 2-і екінші жылға қалды және жазға тапсырма алған оқушылар – 2.

4 сыныпқа жетекшілік еткен мұғалім Т.Г. Гетман, 32 білімгердің 1-і екінші жылға қалды және жазға тапсырма алған оқушылар – 1.

Бұл тізімнен қазақ сыныптары мен қазақ мұғалімдерін мүлде көріп отырғанымыз жоқ. Әрбір сыныптан үлгерімдері нашар болуы себепті 2-5 балаға дейін екінші жылға

қалып, 2-3 оқушы жазғы демалыс уақытына арнайы тапсырма алып отырған, тиісінше келесі сыныпқа өту үшін оларды орындауға міндетті болды.

Бастауыш сынып мұғалімдері Т.Г. Гетман, Л.М. Леденева, А.И. Марченко және Л.С. Бондаренко жұмысқа адал ниетпен қарады, білімді саналы түрде меңгеруге қол жеткізді, олардың оқушылары тәртіпті болды.

Р.Е. Латкова, М.С. Еременко, Т.С. Тен және А.Е. Ерыгинаның жұмысы қанағаттанарлық. Ал А.И. Гузеева өз міндетін тіпті нашар орындаған [4, 7-8].

Әрбір аталған мұғалімнің жұмысына, кәсіби шеберлігіне түбегейлі жеке сипаттама берілген. Бірі жақсы, екіншісі нашар. Нашар жағынан көзге түскен мұғалімдер келешекте өз кемшіліктерін жоюға тырысты.

Келесі оқу жылына бастауыш сыныптар 2 ауысымда ғана білім алу мәселесін шешу міндеті тұрды. Бұл мәселе шешімін тапса, қосымша жұмыс, үйірме сабақтары, пионерлік жұмыстар, т.б. да ретке келетіні анық еді. Мұғалімдердің сабақтарына өзара қатысуды көбірек жүргізу, озық жоспарды жалпылау мен таратудың маңызына үлкен мән берілді. Әдістемелік жұмысты жандандыру, бірлестік әдісі отырысын үнемі өткізу, сабақтарда көрнекілікті көбірек қолдану білім деңгейін болашақта жоғары сатыға шығаратындығына мектеп басшылығы кәміл сенді [4, 10].

1-4 сыныптардағы тәрбие жұмысына келер болсақ, негізгі тәрбиелік міндет – ұжымды ұйымдастыру болды. Жеке сыныптарда – ұжымдарды нығайту, барлық оқу және қоғамдық жұмыстарды одан әрі жақсарту.

Бірінші сыныпта «Сабақты қалай дайындау керек», «Сыпайы және шыншыл бол», «Оқушы ұқыпты болуы керек» және т.б. тақырыптарда сұхбаттар алынды. Сыныпта дәптерлердің тазалығы үшін қатар аралық сайыс, т.б. өткізілді. Жыл соңында бір күндік экскурсия да ұйымдастырылды.

Екінші сыныптағы үлкен тәрбиелік фактор ретінде пионерге дайындық пен оған қабылдауды атап өту керек. Осы мақсатта – «Пионер – барлық балаларға үлгі», «Ұлы Отан соғысының пионер қаһармандары және еңбек батырлары» туралы әңгімелер жүргізілді. Бұл білімгерлердің үлгерімі мен мінез-құлқына жағымды әсер етті.

2 «А» сыныбында Тимуршылар қозғалысы (қарттарға көмек) пайда бола бастады. Екінші сынып оқушыларымен қаланың жаңа ғимараттарына, электр станциясына, жас натуралистер станциясына және инкубаторға экскурсиялар жүргізілді.

Жағымды құбылыстармен қатар, 2-3 сыныптарда ішкі ережелерді бұзу оқиғалары да байқалған. Соның ішінде төбелес және ұрлық жағдайлары бар. Жыл бойына 5 оқушы тәртібі бойынша төмен баға алған. Бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің елеулі кемшіліктерін көрсетеді.

Ал төртінші сынып тәртіптілігімен ерекшеленді. Бұл сынып оқушыларының ұқыптылығын, жинақылығын, адалдығы мен достығын атап өту қажет.

Жалпы алғанда, 1-4 сынып оқушыларының тәрбиесі 5-10 сынып оқушыларымен салыстырғанда әлдеқайда жақсы [4, 26].

Ұлы Отан соғысынан кейін жалпыға бірдей міндетті жетіжылдықты іске асыру, ал одан кейін сегізжылдық білімді және орта мектептердің жүйесін дамыту шараларымен қатар, жалпы білім берудің мазмұнын жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Дегенмен, мектептердің материалдық жағдайы онша болған жоқ. Сондықтан оларға ғимарат салу, мектептердің ескірген, тозған үйлерін салуға, жөндеуге халықтың тарапынан үлкен көмек көрсетілді.

Соғыстан кейінгі жылдарда мектепте білім беру бері ісі тоталитарлық тәртіптің ықпалынан шықпады. Партия, комсомол және пионер ұйымдары, мұғалімдер жас ұрпақтың санасы мен мінез-құлқын қатаң бақылауда ұстады. Оқу-тәрбие процестерін саясаттандырумен қатар, жалпы көрсеткішті қудалау, оқу процестерін жасанды жүргізу, оқушылардың оқуға немқұрайлы қарауы орын алды.

Кітаптардың 95% орыс тілде басылды, теледидар хабарларының 70% эфирде тек орыс тілінде жүргізілді. Сонымен қатар, Кеңес одағының барлық түкпір-түкпірінен Қазақстанға тың игеруге адамдар легі ағыла бастады. Соның салдарынан қазақ мектептері жабылып, орыс тілді мектептер едәуір көбейе түсті.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған мәселелердің болашақта қайталанбауы үшін өткеннен сабақ алып, өз тілімізді құрметтеп, білім деңгейімізді көтеріп, оны үнемі шыңдап отыруымыз қажет деп санаймын. Тек сол жағдайда ғана еліміздің өркендеп, әлемдегі озық елдердің қатарына қосыларымыз айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясы, Астана-2013 ж. – 4 бет.
2. Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, СВ.-3, Д-59 – Текстовый отчет о работе школ города за первое полугодие 1952-53 гг. – 21-24 стр.
3. Талдыкорганский государственный архив: Ф-882, О-1, С-50, Д-473 – Доклады учителей на январском совещаний об учебно-воспитательной работе в школах за 1954 г. – 193 стр.
4. Талдыкорганский государственный архив: Ф-1080, О-1, С-6, Д-107 – Годовой отчет об учебно-воспитательной работе в средней школе имени Абая за 1956-57 учебный год. – 7-10, 26 стр.

ӘӨЖ 82:81-26(092)=(512.122)

Ә.КЕКІЛБАЕВ – КӨРКЕМ ТІЛДІ ЭПИК ЖАЗУШЫ

Турысбекова А.Е., ф.ғ.к.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: asemerikovna85@gmail.com

Ә.Кекілбаев шығармаларында қазақтың ұлттық мәдени игіліктерінің ішінде елдің рухани қазынасы саналатын шешендік сөздер сонымен қатар шындық пен шынайылыққа аса көңіл бөледі. Өйткені аталардың қасиетті өсиеті – замандар мен ғасырлар бойы мысқалдап жинаған, ақыл елегінен өткен, өмір тәжірибесінің тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы ретінде бағаланады. Себебі, болашақтың тұтқасы, иесі ұрпаққа амандық, парасаттылық, ізеттілік, өжеттік, мейірім, өнер-білім, құт-береке, ұзақ өмір, үлкен табыс тілеу ежелден адамзаттың асыл мұраты болған.

Тірек сөздер: темірқазық, бедел, пейіл, серт, менталитет, шешен.

В произведениях А.Кекильбаева особое внимание уделяется истине и подлинности ораторских слов, которые являются духовным достоянием страны в числе казахских национальных культурных благ. Священная заповедь отцов – мудрое заключение исторического сознания жизненного опыта, которое было накоплено мудростью на протяжении веков и оценивалось как принцип нравственности. Ведь желание будущему поколению благополучия, мудрости, достоинства, мужества, добра, знаний, процветания, долголетия и больших успехов издавна было благородной мечтой человечества.

Ключевые слова: железный кол, репутация, нрав, менталитет, оратор.

In the works of Kekilbayev, special attention is paid to eloquent words, truth and authenticity, which are considered the Kazakh national cultural and spiritual wealth. Because the Holy grandfather's Testaments are a wise conclusion of the historical consciousness of life experience, which has endured through all times and centuries, as a rule, is regarded as a